

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 7-1/467 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 шілдеде № 11701 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 464 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.12.2019 № 464 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 39-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е.Досаев

18 маусым 2015 жыл

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 22 мамырдағы
№ 7-1/467 бұйрығымен
бекітілген

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар (бұдан әрі – талаптар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 39-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы талаптарда мынадай ұғым пайдаланылады:

өндірістік бақылау бөлімшелері – жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өндеуді және өткізууді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің әкімшіліктері құрған жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі бөлімшелер.

2. Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар

3. Жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өндеуді және өткізууді жүзеге асыратын объектілердің өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне мынадай талаптар қойылады:

1) ветеринария мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім;

2) жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өндеуді және өткізууді жүзеге асыратын өндіріс субъектісімен еңбек қатынасы;

3) Қазақстан Республикасының ветеринария және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заннамасын білу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК